


2 50 млн теңгенің гуманитарлық көмегі жіберілді



3 Ғылымға сүйенген ел ғаламды еңсереді



Сыр бойы

11 сәуір, бейсенбі 2024 жыл



№55 (20729)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ

ЖАҢА ВАГОН: ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ, ҚОЛАЙЛЫ МҮМКІНДІК



Жасыратыны жоқ, елдегі теміржол жайы, билет бағасы, пойыздардың азып-тозған ахуалы жыл сайын айтылады. Әсіресе, шілденің ми қайнатар күнінде желдеткіші жетіспейтін вагонмен қатынау, қуаттағыш іздеп сенделу кім-кімге болсын жол азабын көрсетері анық. Содан болар, «Қазақстан Темір Жолы» АҚ-дан арыз арылмай-ақ қойды.

Ескіні жамау қашанғы нәтиже берсін, 15 жылдан астам қаңқасын сүйретіп жүрген вагонға қанша жерден жаңа технология орнатқанымен түк өнбеді. Техникалық тексеріс кезінде жұмыс істеп тұрған құрылғылар жолға шыққан бетте жарамсыз болғанын көз көргені бар. Оған салдыр-

гүлдірден құлақ тұнып, әр бұрылыста шайқалған сыры кеткен орынды қосыңыз. Әрине, облыс аумағындағы 5-6 сағаттық жерге жарап-ақ қалар, әйтсе де екі тәуліксіз жеткізбейтін солтүстік аймаққа қатынау кезінде аталған мәселе айтарлықтай салмақ салады.

Міне, осы олқылықты шешу үшін сала басшылары уәде бергенін білеміз. Тіпті арнайы жобаларды ел назарына ұсынып, сенаторлар алдында сөйлеген Көлік министрі Марат Қарабаев жаңалықтың шетін шығарған-тың. Айтуынша, былтыр 118 жолаушылар вагоны сатып алынса, биыл 100-ден аса вагон қатарға қосылмақ.

2-бет



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ораза айт мерекесімен құттықтауы

Қадірлі отандастар!

Баршаңызды Ораза айт мейрамымен құттықтаймын! Бұл – мұсылман қауымының ерекше ықыласпен қарсы алатын ұлық мерекесі.

Қасиетті Рамазан айында жұрт адамгершілік құндылықтарға баса мән береді, рухани тазаруға ұмтылады. Мұқтаж жандарға қол ұшын созып, айналасына қайырымдылық көрсетеді. Отыз күн оразадағы сабыр мен қанағатқа негізделген игі амалдың бәрі Айт мерекесінің шынайы болмысын айшықтай түседі.

Ата дініміз адамзатты татулық пен тыныштыққа, қамқорлық пен мейірімділікке, жанашырлық пен жасампаздыққа үндейді. Адал еңбек етіп, адал табыс табуға шақырады. Мұның барлығы, түптеп келгенде, бүкіл еліміздің ырысты ынтымағын арттыруға ықпал етеді.

Халқымыздың салт-дәстүрі Ислам дінінің, Рамазан айының және Айт мейрамының ұлағатымен ұштасып жатыр. Бұл сабақтастық берекелі бірлігімізді нығайтып, әділетті қоғам құру жолында маңызды рөл атқарады.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Әр шаңыраққа бақ-береке және толағай табыс тілеймін!

Айт қабыл болсын, ағайын!

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Ораза айт мерекесімен құттықтауы

Құрметті жерлестер!

Сіздерді асыл дініміз бен салт-дәстүріміздің байланысын бекемдеп, рухани құндылығымыздың ажырамас бөлігіне айналған қасиетті Ораза айт мерекесімен құттықтаймын. Отыз күн ораза тұтып, сабырын шыңдаған мұсылман жұрты үшін бүгінгі мейрамын орны ерекше.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы халқымыздың салт-дәстүрі Ислам дінінің, Рамазан айының және Айт мейрамының ұлағатымен ұштасқанын атап өтіп, бұл сабақтастық берекелі бірлігімізді нығайтып, әділетті қоғам құру жолында маңызды рөл атқаратынына тоқталды.

Айт мерекесі бастауын тереңнен алады, ғасырлар қойнауынан сыр шертеді. Халқымызды бейбітшілік пен татулыққа, өзара сыйластыққа үндейді. Имандылық пен парасаттылықты, жасампаздық пен мейірімді дәріптеп, жақсылыққа жол ашады. Осы күндері қайырымдылық молынан жасалады, адамдардың бір-біріне деген құрметі артады.

Бүгінгі мереке күні әр шаңыраққа күт-береке тілеймін! Ниеттеріңіз қабыл болғай! Ораза айт баршамызға жақсылық әкелсін!

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың «Таза Қазақстан» республикалық акциясына байланысты үндеуі

Қадірлі жерлестер!

Ардақты ағайын!

Қазақлықтың қаймағы бұзылмаған, тату тірлік пен береке-бірліктің бесігі – Сыр өңірінде бүгіннен республикалық «Таза Қазақстан» акциясы аясында «Таза Қазақстан – таза аймақ» экологиялық науқаны бастау алды.

Тазалық пен тәртіп – кез келген аймақтың табысты дамуының кепілі ғана емес, тұрғындардың мәдениеттілігінің өлшемі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қалалар мен ауылдардың саулетті, саябақтар мен ауланың таза болуы, ең алдымен, басқа біреуге емес, өзімізге керек. Азаматтарымыз қоғамдық орындар мен қоршаған ортаға жанашыр көзбен қарауға тиіс» деген болатын.



Біздің айналамыздағы игіліктер адамдар үшін жасалған. Тазалық – біз үшін басты құндылық. «Ауылына қарап, азаматын таны» дегендей, әр елді мекеннің тазалығы,

саулетті көркі тұрғындардың жанашырлығына байланысты. Себебі әр көшенің, әр үйдің, әр ауланың тазалығы – тұтас қала мен ауылдың айнасы.

Ұлы жол алғашқы қадамнан басталады. Осы ретте, тазалық айлығы аясында облыс халқы туған жерді түлетуге атсалысады деп сенеміз.

Сыр – Алаштың анасы!

Барша жерлестерімді, еңбек ұжымдары мен кәсіпкерлерді игі бастаманы өз үйінен бастап, аулалар мен көшелерде, мөлтек аудандарда жүзеге асыруға, қала мен ауылдарда тазалық жұмыстарына ұйытқы, жақсы істерге дәнекер болуға шақырамыз.

Тазалық біз бен Сізден басталады! Туған жерімізді бірге көркейтейік!

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ: ҚЫЗЫЛОРДА КӨШ ІЛГЕРІ

Сейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи көшесін қайта жаңғырту және абаттандыру жұмыстарымен танысты.

Қожа Ахмет Яссауи көшесінің Ә.Бөкейхан көшесінен Әйтеке би көшесіне дейінгі аумағын қайта жаңғыртуды мердігер мекеме «Қыран» ЖШС наурыз айында бастады, жоба құны – 3 млрд теңге. Ұзындығы 3 шақырымға жуықтайтын көше 4 жолақтыға ауыстырылып, толығымен жарықтандырылады, арық қазылып, жаю жүргініштер жолы төселеді және жарық шамдары орнатылады.

Мұнан бөлек, көшені абаттандыру жұмыстарына 725 млн теңге бөлінді. Мердігер мекеме «BSG Инжиниринг» ЖШС жұмысты жуық арада бастап, қараша айында аяқтамақ. Жоба бойынша теміржолдың екі бетіне тұрғындардың серуендеуіне ыңғайлы аллеялар, жаю жүргініштер жолы салынады. Бұл көше халыққа қолайлы болуымен қатар, Қызылордада жеткен пойыз жолаушыларының қаланың көркі, тазалығы туралы алғашқы ойын қалыптастырады. Осылайша қаланың орталық көшелері ғана емес, шет аймақтағы көшелер де кеңейтіліп, көркейтіледі.

2-бет

Валюта бағамы

\$ 447,15 kzt

€ 485,74 kzt

₸ 4,8 kzt

Ауа райы

+9° +23°

+7° +13°

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ: ҚЫЗЫЛОРДА КӨШ ІЛГЕРІ

Сондай-ақ қарқынды құрылыс алаңына айналған Қызылорда қаласының сол жағалауындағы жаңа автовокзал ғимаратының аумағына ағаш көшеттері отырғызылып, барлық ауданда елді мекендер көгалдандырылуда.

«Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Нысан таяуда ел игілігіне табысталады. Жобаға бағытталған 20 млрд теңгенің 15 млрд 700 млн теңгесі Болат Отемұратов қорынан бөлінген. Жергілікті бюджеттің 4 млрд 300 млн теңге қаржысы инфрақұрылымды дамытуға, абаттандыруға, яғни жылу, су, электр, телефон және кәріз желілерін, автожол жүргізуге жұмсалды. Қазір әуежай және оған іргелес аумақ абаттандырылуда. Осы аумаққа 615 шаршы

метр гранит жабыны, 16,2 шаршы метр асфальт, 4038 шаршы метр кеспе тас және 3630 шаршы метр қиыршық тас төселетін болады. «Қызылорда қаласындағы әуежайдың іргелес аумағын абаттандыру құрылысы» жобасына 634 050 млн теңге бөлініп, 4 жолақты, ұзындығы 480 метр, әр жолақтың ені 3,5 метр болатын жол салынууда. Құрылыс-монтаждау жұмыстары осы айдың соңында аяқталады.

Еске салсақ, облыста өткен жылы 38 млрд теңгеге 671 шақырым жол жөнделіп, жақсы жағдайдағы жолдар үлесі 87,5 пайыз болса, осы жылдың қорытындысымен бұл көрсеткішті 92 пайызға жеткізу жоспарлануда. Қазіргі таңда жергілікті жол инфрақұрылымын дамыту бағытында ұсынылған 61 млрд теңге бюджеттік өтінімнің 30 млрд теңгесі қол-



1-бет



Суреттер түсірген Бағдат Есжанов.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ДАЙЫНДЫҚ ҚАЗІРДЕН БАСТАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте жылу беру маусымының қорытындысы, келесі жылу беру маусымына дайындық және коммуналдық мекемелердің қарыздары бойынша мәселелер қаралды.

Күн тәртібіндегі мәселелер жаңында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Мелет Усанін баяндады.

Аймақ басшысы жауапты маусым тұрақты өткенін айтты.

– Жалпы өңірде жылу беру маусымы тұрақты өтті деуге болады. Дегенмен 29 наурыз күні Қызылорда қаласы Тасбөгет кентіндегі газ құбырында апаттық ақау болып,

салдарынан 6 мыңға жуық абонент және 4 әлеуметтік нысан он екі сағат газдан ажыратылды. Оның ішінде облыстық балалар ауруханасы, «Ана мен бала орталығы», туберкулезге қарсы диспансер бар. Мұндай жағдай жеке мекемелердің іс-әрекетінен екінші рет қайталануда. Құрылыс мекемелері көп жағдайда жер казу, инженерлік инфрақұрылым жүйелеріне қосу жұмыстарын жауапты мекемелердің қатысуымен

жүзеге асыруда. Бұған қатан бақылау қажет. Алдағы жылу беру маусымына дайындықты бүгіннен бастауымыз керек. Барлық әлеуметтік нысандар қазан айына дейін, ал мектептер тамыз айының соңына дейін және штаттық кестесін оңтайландыру, әлеуметтік нысандарды табиғи газға ауыстыру жайлы тапқыланды.

Мұнан бөлек, жиында бюджет қаржысын игеру, коммуналдық кәсіпорындардың өзара бәсекелестікпен өтеу және штаттық кестесін оңтайландыру, әлеуметтік нысандарды табиғи газға ауыстыру жайлы тапқыланды. Мәжіліс қорытындысымен Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне, бюджеттік бағдарлама әкімші-

дау тауып, 215 шақырым автомобиль жолдары, көпір өткелдері және көшелер жөнделмек. Жыл соңына дейін қаржыландыру көлемі тағы да ұлғайтылады. Оның ішінде Қызылорда қаласының жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттерге 28,3 млрд теңгеге бюджеттік өтінім беріліп, оның 12 млрд теңгесі қолдау тапты. Айта кету керек, өткен жылы Қызылорда қаласында 11 млрд теңгеге 82 шақырым болатын 267 көше жөндеуден өтті.

леріне, жылу-энергия нысандарының басшыларына 1 мамырға дейін алдағы жылу беру маусымына дайындық жөніндегі қалалық және аудандық штабтар құрып, іс-шаралар жоспарын бекіту тапсырылды. Облыс орталығы мен аудандардағы әлеуметтік нысандарды газға көшірудің жоба-сметалық құжаттамалары да 1 мамырға дейін әзірленуі тиіс. Мұнан бөлек, «Қызылорда жылу-электр орталығы» мекемесіне қазандықтар мен жылу желілерін жөндеуді 1 қазанға дейін аяқтау міндеті қойылды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// «КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ»

50 млн теңгенің гуманитарлық көмегі жіберілді

Еліміздегі күрделі жағдайға байланысты Мемлекет басшысы Үндеу жолдап, «Осындай қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару айрықша маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді» деген болатын.

Осыған орай облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге көмек көрсетуді ұйымдастыруды тапсырды. Қызылордалықтар су тасқыны болған аймақтарға жәрдемдесуге жаппай жұмылуда. Қала және аудан әкімдіктері ұйымдастырған «Күшіміз – бірлікте» акциясына облыстың жанашыр азаматтары мен волонтерлер өз үлесін қосты.

Күні кеше аймақтағы ірі мұнай компанияларының бірі – «Торғай Петролеум» акционерлік қоғамы Атырау, Ақтөбе, Қостанай, Батыс және Солтүстік Қазақстан облыстарына 50 млн теңгенің 120 тонна қайырымдылық көмегін жіберді. Жиырма тонналық 10 жүк көлігі азық-түлік, газ плиталары, қайықтар мен құрал-саймандар, төсек жабдықтары, ыдыс-аяқ, гигиеналық заттар мен дәрі-дәрмек тиіс жолға шықты.

Облыстық мәслихат төрағасы, «Аманат» партиясы облыстық филиалының төрағасы Наурызбай Байқадамов, «Торғай Петролеум» АҚ бас директоры Дәурен Әбілқайыров ізгілік керуеніне сәт сапар тілеп, су басқан аймақтардағы ағайындарға Сыр жұртшылығы атынан тілегін білдірді.

Қарғын судың қатері

Бүгінге дейін су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге 168 мың тоннаға жуық гуманитарлық көмек жеткізілген. Бұл туралы Қазақпарат хабарлады. ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитетінің аға офицері Ерасыл Сайпаштың айтуынша, су тасқыны басталғалы бері 6472 адам, оның ішінде 31 640 бала құтқарылып отыр.

– Әуе көлігімен 2 823 адам, арасында 865 бала қауіпсіз жерге жеткізілсе, уақытша орналасу пункттеріне 7605 адам, оның ішінде 3474 бала орналастырылды, – деді Ол Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Тасқын судың зардабынан 8 мың бастан астам мал шығын болған. Келтірілген дерекке қарағанда, тиісті іс-әрекеттің арқасында 82559 бас мал қауіпсіз жерге тұяқ іліндірген көрінеді.

– Зардап шеккен өңірлерге 167935 келі гуманитарлық көмек жеткізілді. Бірлескен күштердің көмегімен 8,5 млн текше метрден астам еріген қар суы шығарылды. 1,3 млн қашық және 1,1 млн тонна инертті материал төселді. 2750 тұрғын үй мен 1816 аула аумағынан су ағызылды. Тәулік бойы авариялық-құтқару жұмыстарына

24295 адам, 2655 техника, 469 су сору және 139 жүзу құралы, 10 әуе көлігі жұмылдырылды, – деді ведомство өкілі.

Оның сөзіне қарағанда, дәл қазіргі сәтте Атырау, Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында 3444 жер үйді, 336 аула аумағын су басып тұрғаны анықталды.

– Су шайған 105 автожол, оның ішінде 8 көпір мен 97 жол төсемі бақылауда тұр. Көлік қатынасынсыз қалған 69 елді мекен бақылауға алынды. Республикалық және жедел штабтар жұмысын жалғастырып жатыр. Барлық күш пен құралдар төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюға жұмылдырылды, – деді Ерасыл Сайпаш.

«СБ» ақпарат

«Қызылорда-Семей» толық жанарды

Сонымен, жанару процесі жүргенін айттық. Жалғасы да болатыны сөзсіз. Сөйсеңбі күні аймақ орталығынан қатнағанын №21/22 «Қызылорда-Семей» бағытындағы жолаушылар пойызы жаңа вагондармен толықты. 29 купе және 15 плацкарт пайдалануға беріліп, аталған бағыттағы пойыз 100 пайыз жаңартылды.

Мұнда жолаушыларға жайлы жағдай жасауға арналған ауаны баптау жүйесі, ауаны тазарту сүзгісі, түтін датчигі, биодегретация орнатылған. Купеде электр розеткалары мен USB қосқыштары бар. Сондай-ақ тамбурларда бейнебақылау жүйесі іске қосылған. Осылайша, көптің арманы болған жайлы сапарға тағы бір қадам жасалды.

Жаңа вагондарды үлестіруде Сыр өңірін қалып қалдырмау тегін емес. Себебі аймақ тұрғындары жайсыз сапардан қажып, жауапты басшылыққа арыз-шағымын көп жеткізетін. Әлеуметтік желі арқылы таралғаны, ресми хатқа салмақ болғаны бар, әйтеуір араға ай салып «айқай» естілетін. Сондықтан шіеленісті шешудің бір тетігі ретінде «Қызылорда-Семей» жолаушылар пойызын жаңарту идеясы қолға алынды.

Сырбойлықтар болса бастамаға оң баға беріп, жергілікті билік өкілдері жобаның жүзеге асуын жеделдетті. Бұл өз кезегінде өңір экономикасы мен логистикасындағы көрсеткішке көмек беретіні анық еді. Жаңа вагондардың тұсауескер рөліне қатысқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев материалдық-техникалық базаның жанаруы аймақ тұрғындары үшін маңызды деген тұжырым айтты.

– Бүгін «Қызылорда-Семей» жолаушылар пойызының толығымен жаңартып, халық игілігіне берілуіне күз болды. Теміржол көлігі – еліміздегі инфрақұрылымның маңызды буыны. Кең-байтақ қазак жерінің қолайлы географиялық орналасуы, шекарасының кендігі мен заман талабы теміржол көлігінің маңыздылығын күн өткен сайын арттыра түседі.

1-бет

ЖАҢА ВАГОН: ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ, ҚОЛАЙЛЫ МҮМКІНДІК



Сыр өңірінде де Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен жол инфрақұрылымын, көлік қатынасы мен жолаушылар тасымалын дамыту қарқынды жүзеге асырылуда, – деді аймақ басшысы.

Әлем дамуы ілгері кеткен сайын арнайы талаптарға сай қадам жасау керектігі түсінікті. Теміржол саласында да қауіпсіздік пен жайлылық қағидалары халықаралық норма шеңберінде жоспарлануда. Сондықтан ескі вагондарды жаңарту тек жылтыраған орындар мен тазалық көрсеткіші деп қабылдай алмаймыз. Алдыңғы технологиялық жаңалықты енгізу, барлық әлеуметтік топтағы азаматтардың бірдей мүмкіндік алуын назарда ұстау қажет.

Мемлекеттің алған бағыты осыған саяды.

Мысалы, «Қызылорда-Семей» бағытындағы жолаушылар пойызы радиобайланыс, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арнайы орын, арба, көтеріп-түсіру механизммен қамтамасыз етілген. Ал вагондарды құрастыру кезінде қолданылатын барлық материалдар мен компоненттер халықаралық сапа стандарттарына сәйкес жасалыпты.

– Біз Ұлттық тасымалдаушының вагон паркін жаңарту бойынша жұмысты жалғастырудамыз. №21/22 «Қызылорда-Семей» пойызы күн сайын жүретін болады. Жолаушылар құрамы бір бағытта орта есеппен 528 жолаушыны тасымалдай алады, – деді «Жолаушылар тасымалы» АҚ басқарма төрағасы Жәнібек Тайжанов.

Айта кетейік, өткен жылы Ұлттық тасымалдаушы 150 жаңа вагонды іске қосу мақсатында бірнеше келісім-шарт жасаған болатын. Нәтижесінде қазір 88 вагон «Алматы-Маңғыстау», «Алматы-Атырау», «Атырау-Маңғыстау», «Ақтөбе-Атырау», «Павлодар-Түркістан», «Маңғыстау-Астрахань», «Атырау-Астрахань», «Қызылорда-Семей» бағыттары бойынша жүріп жатыр.

Быыл да жаңалық көп. Жыл ортасына дейін «Қызылорда-Семей» және «Алматы-Сарыағаш» бағыттары үшін тағы 12 вагон беріледі. Быыл мемлекеттік органдармен тағы 157 жолаушылар вагонын сатып алу бойынша жоба пысықталуда.

10 жылда транзит тарифі 100 есе көтерілген

«Барлық бағыттағы жолаушылар вагонын жаңартуға не келері?», «Ескі вагондардың тозығы жеткен, қолданыстан шығару керек». Міне, теміржол тақырыбында талқыға түскен көп азаматтың айтағын аргументі осы мәндес. Әрине, жауабын біліп тұрып сұрағандай, мәселенің қаржыға тірелетінін сезеді-ау. Тек түсінбейтіні – ішкі алгоритм, яғни нәтижені пайда көзі бар мекеме қаржылық қиындыққа тап болады? Салада сұраныс бар, демек қаражат жеткілікті болуы шарт еді.

Бұл сауалдардың жауабын жыл басында сенаторлар алдында сөйлеген Көлік министрі Марат Қарабаев айтты. Оның пайымдауынша, «Қазақстан темір жолының» кірісі шығынның тек 50-60%-ын өтейді. Сондықтан техникалық базаны толық жаңартуға әрі жолаушылар билетінің бағасын төмендетуге мүмкіндік болмағандықтан ұқсайды. Жауапты қысқа қайыратын олар: «Магистралдық теміржол желісі қызмет-

терінің тарифі 4% өсті. Бұған табыстан шығынның көптігі себеп» деді.

Расында, «Қазақстан Темір Жолының» қарызы 2,9 трлн теңгеге жеткен. Сұмдық сома. Құтылмаса, бүгін салаға салмақ салары сөзсіз. Сарапшылар қарыз көлемін азайтудың бірнеше әдісін айтады. Олар – тарифті көтеру немесе мемлекет көмегі. Алғашқысы нарық талабына сай шешім болса, кейінгісі – қиындықтан мемлекет алып шығуы керек деген сөз.

«КТЖ» ҰҚ» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевтың БАҚ өкілдеріне берген мәліметіне сүйенсек, мекеме алғашқы нұсқаны жүзеге асырып үлгеріпті. Қазір қарыз артақ компания шығындарын транзит көлемін ұлғайту арқылы өтеп отыр. Қызығы, соңғы 10 жылда транзит тарифі 100 есе көтерілген екен.

«Біріншісі – тарифтерді көтеру, екіншісі – қарызды капитализациялау есебінен қайтару. Ал тарифтер төмен болуы үшін оны субсидиялауы керек, өйтпеген жағдайда тарифтерді көтеру қажет, – деді басқарма төрағасы.

Шығын демекші, министр елде теміржол вокзалдарының ескіргенін айтқан болатын. Мәселен, Қазақстанда 59 вокзалдың тек 4-еуі күрделі жөндеумен. Қалғаны жаңартуды талап етеді. Ол үшін республикалық және өңірлік бюджеттерден қаржы бөлінуі қажет екен.

– Біреуі Қызылорда, ол жөндеуден өтті, тағы үшеуі бар. Павлодар бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі есебінен және Түркістан мен Шымкент, Шымкент жеке кәсіпкердің есебінен вокзалды жөндеп жатыр. Қалған 55-сін екі кезеге бөліп жаңартамыз, – деді М.Қарабаев.

Министр айтқандай, бұл орайда аймақтың ұпайы түгел. Былтыр Қызылорда қаласындағы вокзал ғимараты мен аумағы күрделі жөндеуден өтті. Оған «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы 350 млн, жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігі есебінен 255 млн теңге қаржы бөлінді. Теміржол вокзалы қалаға кіреберіс қақпаның бірі болғандықтан, сол маңдағы ескі дүңгіршектер алынып, тарихи ғимарат бұрынғыдан да көріктені түсті.

Еркін ШАМШАДИН,
«Сыр бойы»



Фото: Астана-прессцент

БАЙҚОҢЫРДАН БАСТАУ АЛҒАН ҒАРЫШТАҒЫ ІЗ

Көптеген елде 12 сәуір ғарышкерлер күні ретінде атап өтеледі. Бұл датаның ерекшеленуіне Байқоңыр ғарыш айлағының тікелей ықпалы бар. Себебі осыдан 63 жыл бұрын, 12 сәуірде дәл осы айлақтан Юрий Гагарин «Восток-1» ғарыш кемесімен жер орбитасын айналып шыққан еді. Кеңістіктегі бұл шолу әлі күнге дейін адамзаттың ғарышты ашудағы ірі жетістіктерінің бірі ретінде саналады. Бұдан кейін де Байқоңыр айлағы көп жаңалықтың жарышы болды. Еліміз түркітілдес мемлекеттер арасынан алғаш болып азаматын осы жерден ғарышқа ұшырды. Айтулы күннің қарсаңында Байқоңыр ғарыш айлағының тарихтағы орны мен саланың дамуына қосқан үлесін бір шолып өтуді жөн санадық.

Ел атын әйгілеген айлақ

Қазақстан тәуелсіздік алған 30 жылдан астам уақытта ғарышқа азаматтарды ұшырған алғашқы 40, жасанды жер серігін шығарған 70 мемлекеттің қатарына қосылып үлгерді. Әдетте ғарышты игеруге қатысып жатқан мемлекеттердің көбіне бейресми түрде ғарышқа ұшқан ғарышкерлерінің және жер серіктерінің санымен бағалайды. Ал еліміз тәуелсіздік алған кезде жер серігі де, ғарышкері де жоқ мемлекет болатын. Алайда әлемдегі тұңғыш ғарыш айлағы – Байқоңыр біздің елде. 1961 жылдан бері ғарышқа адам ұшырып келе жатқан айлақтан қазак түглі түбі түркінің бірде-бір перзенті ғарышқа ұшады. Алпауыттар қатарына қосылған Ғарышның өзі алғашқы ғарышкерін осы жылдың басында ғана ұшырғанын ескеріңіз. Кеңес одағы ыдырайтын кезде осынау олқылықтың орнын толтыруға еліміз мықтап кірісті. Сөйтіп 1991 жылы қазанда Токтар Әубөкіров ғарышқа ұшқан еді. Көп ұзамай 1994 жылы Талғат Мұсабаев зенгір көкке самғаса, беріректе, 2015 жылы Айдын Айтмбетов жер төңірегінде ұшып жүрген халықаралық ғарыш стансасына барып қайтты. Бұл тұста Талғат Мұсабаевтың ғарышқа бір емес, үш рет ұшқанын атап өткен жөн.

Еліміз 90-жылдардағы әлеуметтік-экономикалық қиын кездерге қарамастан, ғарыш саласын назардан тыс қалдырмады. Байқоңыр ғарыш айлағын 1994 жылы Ресейге алдымен 50 жылға, кейін 2050 жылға дейін жалға бере отырып, қалай болғанда да бірегей кешенді ғылыми негізде сақтап қалуға ұмтылды. Себебі адамзаттың ғарышты ашуға деген ұмтылысында айлақ үздік саналады. Біріншіден, экватор бойынша барлығы тең есептелген. Осы жерден ең ауыр жүктер ғарышқа ұшырылады. Адамның ғарышқа ең жылдам жетуі де осы жерден оңай. Сондықтан ел билігі Байқоңырдың маңызы мен оны сақтап қалудың өзектілігін жақсы түсінді. Байқоңыр – әлем үшін ғылыми-техникалық прогреске, ал адамзат үшін ғарышқа жол ашқан айлақ. Дәл осы ғарыш алаңынан ғарыш дәуірінің басталуын жариялаған алғашқы спутник ұшырылды.

Ғылым мен ғарыш – егіз ұғым

Қазір әлемнің дамыған елдерінің түгелі дерлік ғарыш саласына бас қойды. Берісі айға, әрісі Марс секілді планеталар мен жұлдыздар кеңістігіне дейін зерттеу жүргізілуде. Мемлекеттер, жекеменшік компаниялар осы мүддеге жұмылды. Бұл тұрғыда Қазақстан да елеулі жұмыстар атқара алды. Мәселен, еліміздің ғарыштық байланыс жүйесін қамтитын KazSat-2 мен KazSat-3 бар. Олар Қазақстанның телехабар тарату мен байланыс саласындағы қажеттілігін толық қамтамасыз етеді. Олардың көмегімен еліміздің барлық аумағында орналас-

Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

ҒЫЛЫМҒА СҮЙЕНГЕН ЕЛ ҒАЛАМДЫ ЕҢСЕРЕДІ

Ғылым адамзат қоғамының ерте дәуірінен, адам баласының танымдық және өндірістік қажеттілігінің арасы ажырамай тұрған кезеңнен бастау алады. Ежелгі Шығыста (Бабыл, Мысыр, Үндістан, Қытай) болашақ ғылымға негіз болған білімнің алғашқы нышандары қалыптасты. Оның алғашқы ретінде мифологияны атауға болады. Онда алғаш қоршаған орта туралы бүтін, тұтас, жан-жақты танымдық жүйе қалыптастыруға ұмтылыс болды. Бірақ танымның бұл формасы өзінің діни-антропоморфты сипатына байланысты нағыз ғылымнан алшақ жатқан еді. Ғылымды қалыптастыру мифологиялық жүйені сынау мен бұзуды талап етті.

Ғылым – адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымның ең жоғары пішімі, оның практикалық қызметінің бір саласы. Адамзат қоғамының дамуы барысында ғылым сол қоғамның маңызды әлеуметтік институтына және тікелей өндірістік күшіне айналады. Ғылымның басты мақсаты – ғылым заңдарының негізінде ашылып отырған болмыс құбылысы мен процесін болжау, түсіндіру және жүйелен мазмұндап беру.

Әл-Фараби бабамыз «Ғылым жоқ елдің болашағы бұлыңғыр» деген екен. Заман сұранысына сай ілкімді, тиімді ғылыми жаңалықтар ашып, оларды өндіріске енгізе білген мемлекеттердің пайдаға кенелгенін,

экономикалық сараптау институтының енгізілуі құптарлық жағдай. Бұл, біріншіден, сұралып отырған қаржыландырудың негізділігін тексеруге мүмкіндік берсе, екіншіден, экономиканың дамуына түрткі болған инновациялардың шамамен 85%-ы дәл осы іргелі ғылыми-зерттеулерге негізделген. Өткен ғасырдың ортасы мен соңынан бастап атом ядросын, жоғары энергиялық физиканы, астрономияны, есептеу математикасын, топологияны, генетиканы, химияны зерттеу көптеген игілікке жол ашты. Аталған салалардағы жетістіктер негізінде лазерлер, радарлар, телекоммуникациялық құрылғылар, интернет, заманауи техниканың бірнеше буыны, роботтар, медициналық жабдықтар, жаңа мате-

суратқа жауап беретінін айтты.

Пуанкаре теоремасының дәлелі нанотехнологияны дамыту үшін үлкен маңызға ие, өйткені ол объектінің бір нүктеде сыға жинақтап, онан кейін кері ұлғайтуға мүмкіндік береді. Теориялық тұрғыдан мұндай тәжірибені бүкіл әлемде жүргізуге болады. Мысалы, ол үлкен ғарыш объектілері – планеталар мен жұлдыздардың негізін сфералық пішінде болатындығын түсіндіреді. Бұл ХХІ ғасырдың тамаша математикалық жаңалығы ғана емес, бүгінгі адамзат алдында тұрған маңызды мәселелердің бірін шешу болып табылады.

ХХІ ғасырдағы ең үлкен жаңалықтардың бірі – графеннің жасалуы. Бұл ерекше материал бөлме температурасында асқан өткізгіштік қасиетке ие. Ол өте мықты ғана емес, сонымен қатар өте жеңіл әрі мөлдір. Техникада, медицинада өте қажет мұндай құнды материалды әзірлеу өндіру қымбат болғанмен, бірнеше жылдан кейін ғылымдар оның құнын төмендеті алады, содан кейін графенді пайдалану жаппай сипатқа ие болады.

ХХ ғасырдағы гендік инженерияның дамуы биология мен генетикада үлкен ғылыми жаңалықтарға әкелді. Ғылымдар бактерияларға жүргізілген тәжірибеде алдымен генетикалық материалдың бір бөлігін алып тастап, оларды сүруге қажетті гендерді қалдырып, содан кейін оларды жаңаларымен алмастырғанда бактерия өліп қана қоймай, жаңа жасанды гендер бөлініп, көбейе бастаған. Бұл жаңалық негізінде организмдердегі тұқым қуалайтын информацияны көздеген мақсатқа сай өзгертіп, олардың генотипін белгілеген жоспармен қайта құруға болатындығын көрсетеді.

Бұрын протез резенкеден, пластмассадан немесе ағаштан жасалып, оның пішіні аумақтырылған дене мүшесіне ұқсайтын. ХХІ ғасырдағы ең үлкен жаңалық – мүлде жаңа протездердің жасалуы. Олардың заманауи нұсқалары сезімтал. Оларды ойдың күшімен басқаруға болады, ал мүмкіндіктері жағынан протездер қол немесе аяқтың қызметін толық алмастыра алады.

Компьютер өткен ғасырда ойлап табылғанмен «Информатика» ғылымындағы жаңа принциптер бойынша жұмыс істейтін ДК ХХІ ғасырда пайда болды. Бұл – өте жылдам кванттық бірнеше секунд ішінде тетрабитті ақпаратты өңдеуге қабілетті компьютерлер. Олардың негізгі мақсаты – күрделі ғылыми және қаржылық есептеулер, болашақ оқиғаларды болжау үшін компьютерлік модельдерді құру. Ультра жылдам компьютерлер қазіргі өзінде әртүрлі салаларда адам қызметінің жетілген формасы ретінде қолданылуда.

Өткен зерттеулерге сүйене отырып, ғылымдар Марста су сұйық

“ ХХІ ғасырдағы ең үлкен жаңалықтардың бірі – графеннің жасалуы. Бұл ерекше материал бөлме температурасында асқан өткізгіштік қасиетке ие. Ол өте мықты ғана емес, сонымен қатар өте жеңіл әрі мөлдір. Техникада, медицинада өте қажет мұндай құнды материалды әзірге өндіру қымбат болғанмен, бірнеше жылдан кейін ғылымдар оның құнын төмендеті алады, содан кейін графенді пайдалану жаппай сипатқа ие болады.

қуаты артқанын көріп, ғұламаның сөзі ақиқат екеніне көзіміз анық жеткендей. Нарық заманында экономиканың ілгерілеуі, әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы, елдің әзірлеу-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты маңызды міндеттер ғылыми ізденістер мен зерттеулердің белсенді жүргізілуіне тәуелді.

Қазақстан ғылымы еліміз тәуелсіздік алған соң ұзақ уақыт бойы өзінің даму жолын іздегені баршаға мәлім. Бұл ретте отандық ғылымдар әлемдік ғылымның үздік тәжірибесін игеруге тырысты. Сондай-ақ ел билігі студенттерді шетелге оқуға жіберуді қолда алды. Қазір әлемнің үздік білім, ғылым мектептерінен мол тәжірибе жинадық. Енді жаһандық сипат пен бәсекеге қабілеттілікті естен шығармай өз жүйеміз үшін жұмыс жасап, өзімізге қажетті бағытты таңдау, өзімізге тиімді дүниелерге назар аудару қажет. Қазақстанда ғылымды дамытудың басымдықтарын айқындау үшін ең алдымен, бізде және шетелде қазіргі күні экономика мен қоғамда қандай өткір проблемалар барын анықтау қажет. Ол үшін әрбір 5 жыл сайын қолданбалы және іргелі ғылымдардағы ғалымдар шешуші тиімді міндеттерді айқындау мақсатында барлық сала бойынша форсайттық SWOT-талдамалық зерттеулер жүргізу керек. Мұндай талдаудың негізгі мақсаты – білім мен жергілікті және шетелдік ғалымдардың басын біріктіріп отырған белгілі бір орталық айналысқаны дұрыс. Бүгінгі күні отандық ғылымды үйлестіруші Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының негізгі қызметі еліміздің әлеуметтік-экономикалық басымдықтарына сәйкес ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметтегі басым бағыттарды, сондай-ақ стратегиялық, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын айқындап, тиісті ұсыныстар әзірлеу болмақ. Ал Ұлттық ғылыми кеңес (ҰҒК) – ғылыми жобаларды қаржыландыру туралы шешім қабылдайтын басты орган. Ғалымдардан тұратын ҰҒК жобаларды ірітейді, ғылыми бағдарламаларды бағалайды, зерттеулердің мониторингін жүргізіп, қаржыландыру туралы шешім қабылдайды. ҰҒК мүшелерін халықаралық деректер қорынан ғалымдардың сараланған тізімінен жақ ғана алып, кеңес құрамына қоса салу дұрыс емес. Ғылыми еңбектің сапасы мен өнімділігін өлшеу үшін әлемнің көптеген ғылыми орталықтары мен университеттері ғалымдардың еңбегін бағалаудың сандық көрсеткіштерін, мысалы, Хирш индексі пайдаланады. 95 пайыздық жағдайда аталған ғылыми метрикалық тәсіл шындықты көрсетеді. Өкінішке қарай, өзара келісіп, рейтингтегі орнын жасанды түрде көтеруге ұмтылатын ғалым-сымақтар да жоқ емес. Хирш индексі ғылымның барлық саласын тең таразылайтын абсолютті көрсеткіш емес. Ұлттық кеңес құрамына жоғары оқу орындарында дәріс оқып жүрген профессорларды, академиктерді, бір ғана саламен шектелмей, ғылыммен кең ауқымда айналысып жүрген ғалымдарды тарту керек. ҰҒК қызметін жетілдіруге бағытталған өтінімдерді саралайтын

“ Компьютер өткен ғасырда ойлап табылғанмен «Информатика» ғылымындағы жаңа принциптер бойынша жұмыс істейтін ДК ХХІ ғасырда пайда болды. Бұл – өте жылдам кванттық бірнеше секунд ішінде тетрабитті ақпаратты өңдеуге қабілетті компьютерлер. Олардың негізгі мақсаты – күрделі ғылыми және қаржылық есептеулер, болашақ оқиғаларды болжау үшін компьютерлік модельдерді құру. Ультра жылдам компьютерлер қазіргі өзінде әртүрлі салаларда адам қызметінің жетілген формасы ретінде қолданылуда.

Бағаналы жасушалар адам ағзалары мен тінін өсіру үшін қолданылады және біртұрақ ауруларды емдеуге қатысты. Сондықтан ХХІ ғасырдағы ең үлкен жаңалықтардың бірі – бұрын тек эвроннан ғана алынған болса, енді кез келген қарапайым жасушадан алынатын бағаналы жасушалары қатерлі ісік терапиясының, регенеративті медицинаның, тіпті адамды клондаудың тиімділігін арттыруға үлкен септігін тигізеді. Бұл жаңалықтың негізінде болашақта адамның қабілетсіз мүшесін пробиркада өсірілген мүшемен алмастыру үйренішті жағдайға айналады.

ХХІ ғасырдағы ғылымның тағы бір ең үлкен жаңалығы – ақпаратты тікелей миға жазу және оңшау мүмкіндігі. Егеуқұйрықтарға жүргізілген тәжірибеден ғалымдар жануарлардың миына жазып қойған өмірнен қауіп төндіретін туралы ақпаратты олардың мүлтіксіз орындайтын бақылаған. Болашақта бұл жаңалық адамдардың миына қажетті білім мен дағдыларды жазу арқылы бірнеше сағатта жоғары білікті маман дайындауға болатындығын көрсетеді. Бұл сондай-ақ адамдарды жағымсыз естеліктерден арылтуға, кейбір психикалық ауруларды емдеуге көмектеседі.

Осы уақытта шешімі табылмай болжам болып келген Пуанкаре теоремасын дәлелдеген орыс ғалымы, математик Григорий Перельман. Өз макалаларының бірінде Перельман Пуанкаренің мәлімдемесі ғалам теориясындағы күрделі физикалық процестерді зерттеуге көмектесетінін, сондай-ақ әлемнің пішіні туралы

тейтін интернет желісі, смартфон, 3D принтер және басқа да маңызды нәрселер ойлап табылды.

Бүгінгі таңда осындай және тағы да басқа жаңа ашылулар үздіксіз орын алуда және ол деректерді ХХ ғасыр жаңалықтарымен салыстыратын болсақ, ғалымдардың білім көкжиегі Жердің ғана емес, бүкіл әлемнің ауқымында кеңейіп жатқанын көруге болады. Бұл адамдарды болашақта ашылатын бұдан да қызықты жетістіктер күтіп тұрғанын білдіреді.

Сондықтан да Қазақстан уақыттан қалыспай, әлемдік ғылыми орталықтармен бірге іргелі ғылымдар саласындағы зерттеулермен айналысуы қажет.

Сондай-ақ біздің ел әлемдік нарыққа түсетін қазақстандық өнімнің құнын арттыру үшін табиғи ресурстардың шикізат түрінде сатылуынан ашпастауы тиіс және оларды өңдеу деңгейін барынша тереңдету керек. Ол үшін қолданбалы ғылымдарды дамыту және заманауи технологиялар мен ғылымның соңғы жетістіктеріндегі қазақстандық ғалымдардың сарапшылық деңгейін арттыру маңызды. Ғылыми жаңалық пен оны іс жүзінде қолдану арасындағы уақыт өте қысқа. Сондықтан мемлекет экономика мен индустрияның нақты секторына заманауи жетекші ғылыми жетістіктерді, технологиялар мен практиканы қабылдауға мүмкіндік беретін инфрақұрылым құруда сапалы жұмыс жасауы қажет. Осы аталған бағыттар отандық ғылымның және тұтастай алғанда елдің табысты дамуына елеулі үлес қоса алады. Тіпті оны халықтың өмір сүру сапасын арттыруға да мүмкіндік бар.

Ғылыми дамудың негізгі міндеті – ел экономикасының барлық саласында алдыңғы қатарлы және бәсекеге қабілетті технологияларды енгізу оры қолдану керек. Бәсекеге қабілетті ғылым қысқа мерзімде қолға және үздіксіз қаржыландырудың нәтижесінде ғана дами алады. Ғылыми ізденістердің игілігін көріп, табысы мен қуатын еселеп отырған мемлекеттердегі ғылымды қаржыландыру көлемін бізбен салыстыруға келмейді. Мәселен, Франция 54,4 млрд. Ұлыбритания 49,7 млрд. АҚШ 508,3 млрд доллар бөліп, жалпы ішкі өнімнің 3 пайызын ғылымның дамуына жұмсап отыр. Ал Оңтүстік Корея жыл сайын 58,5 млрд доллар, яғни жалпы ішкі өнімнің 5 пайызын осы саланы қаржыландыруға бағыттайды. Ресейде де ғалымдардың ізденісін ынталандыру, ғылыми жаңалықтарды қаржыландыру мәселесіне айрықша көңіл бөліп, жалпы ішкі өнімнің 1,2 пайызын жұмсап отыр.

Сарапшылардың пікірінше, ғылымға бөлінген қаржы жалпы ішкі өнімнің 1,5 пайызынан төмен болса, шығынның толыққанды қайтарымы болмайды екен.

Өкінішке қарай, қазір Қазақстанның нақты экономикасы мен отандық ғылым бір-бірімен қабыспай тұр. Алға жылжу үшін елімізге ғылымды, нақты өндірісті және бизнесті басқару процесін айтарлықтай өзгерту қажет. Қазақстан үшін онтайлы модель – 2025 жылға дейін ғылымды қаржыландыруда қазіргі деңгейден ішкі жалпы өнімнің 1%-ына дейін мақсатты түрде ұлғайту. «Біз ешкім оқимайтын, қажетсіз жұмыстар мен зерттеулерді қаржыландыруға жол бермейміз. Әрбір ғылыми жұмысқа қатаң талап қойылуға тиіс. Сондай-ақ оның нақты әлеуметтік-экономикалық, өндірістік және техникалық қайтарымы болуы қажет. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру тек ұлттық ғылыми-техникалық міндет тұрғысынан бөлінуі тиіс. Медико-биологиялық зерттеулер, агроөндірістік ғылым, «жасыл» технология, жасанды интеллект, энергетикалық сияқты салаларға ерекше мән беріп, қаржы бөлу керек» деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылы ғылымды қаржыландыру көлемін жалпы ішкі өнімнің 1%-на жеткізу қажет екенін айтқан еді. Расында Қазақстанда ғылымның дамуына 2019 жылы 43 млрд теңге қаржы бөлінсе, 2020-2025 жылдарға арналған мемлекет бағдарламасы аясында 2025 жылы 431 млрд теңгеге артаатындығы тілге тиек етілді.

Мұндай қадам бізге ғылымның бәсекеге қабілетті дамуына және табысты индустриялық болашақ құруға жол ашады. Жетекші ғалымдардың алаңсыз түбегейлі нәтижеге жұмыс жасауына, дарынды жастардың ғылыммен айналысуына мүмкіндік туғызады. Мемлекет экономикасы дамыған елге айналса, демек атабағем мемлекеттегі ғылымның бәсекеге қабілетті және тиімді болғаны. Бұл – қарапайым ғана формула. Оны орындауға Қазақстанның әлеуеті жеткілікті-ақ.

Бахытхан ӘБДІКӘРІМОВ, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор

/// ДЕНСАУЛЫҚ

МИ ТАМЫРЫНА
КҮРДЕЛІ
ОТА ЖАСАЛДЫ

Белгілі қазақстандық нейрохирург, ҚР Президенті іс басқармасы медициналық орталығы ауруханасы директорының орынбасары, жерлесіміз Мыңжылқы Бердіқоджаев көпбейінді облыстық ауруханада шеберлік сабақтарын өткізді. Дүниежүзілік денсаулық күні қарсаңында дәрігерлер ми тамырларына күрделі оталар жасады.

Рентген-эндоскопиялық хирургия бөлімшесінің операциялық үстелінде бұрын инсульт алған науқас. Бір айдан кейін ми тамырларының аневризмасы бар 54 жастағы ер адам көпбейінді облыстық ауруханаға қайта түскен. Бұл қауіпті жағдай екенін айтады дәрігерлер. Аневризманың қабырғасы жарылып, миға қан төгілу қаупі бар.

Науқас аман қалды. Ісінген тамырдың, аневризманың қуысына микроспираль орнатылды. Ота кезінде науқас ояу болды. Жергілікті анестезиямен санының артериясы арқылы катетер енгізіліп, ми тамырына микроспираль жеткізілді.

«Алтын сағат» ережесі бар. 8-10 сағат ішінде науқастың өмірін сақтап қалуға, ми бөліктерінің қайтымсыз зақымдануын болдырмауға болады. Бірақ, өкінішке қарай, пациенттер көп жағдайда бір күннен кейін келеді. Алғашқы белгілері байқалған кезде КТ, МРТ, ангиография тексеруден өту керек. Олар МӘМС аясында сақтандырылған пациенттерге тегін, – дейді көпбейінді облыстық аурухананың нейрохирург-дәрігері Қанат Нәбинов.

Жалпы бұл күні дәрігерлер бас миының әртүрлі патологиялары, оның ішінде ісіктері бар 8 науқасқа ота жасады. Бұл қызметтер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қолжетімді.

– Мұндай оталарды шұғыл жағдайларда да, жоспарлы түрде де тегін жүргіземіз. Ми тамырларына оталардың құны Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражатынан шамамен 6 млн теңгені құрайды. Бұған стенттердің құны, хирургтардың, жабдықтардың жұмысы кіреді. Мысалы, көрші елдерде мұндай ота 15 мың доллар тұрады, – дейді жоғары санатты нейрохирург Мыңжылқы Бердіқоджаев.

Былтыр облыста жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету бойынша 97 ота жасалды. Оған әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 628,5 млн теңге бөлінді. Быыл жалпы сомасы 668 млн теңгеге 98 ота жасау жоспарлануда.

«СБ» ақпарат

/// ҚОЛӨНЕР

Арал ауданындағы №83 орта мектептің мұғалімі Ақмарал Нұрадинова жапондық кинусайға әдісі арқылы оқушыларды қолөнерге баулып келеді. Бұл қалдық материалдан инесіз құрақ құрау дегенді білдіреді.

ИНЕСІЗ
ҚҰРАҚ
ҚҰРАҒАН

Бұрын музыка пәні мұғалімі болған ол кейінгі екі жылда көркем еңбек сабағынан дәріс береді. Бүгінде «Дарындылар палитрасы» атты үйірмеде 30 шәкірті қолөнердің түрлі әдісін меңгеріп, байқауларда жеңімпаз атануда. Қалдық материалды тастамай, оларға жан бітірген ұстаздың қолынан шыққан дүниелері көз тартарлық. Бейнебір суретшінің түрлі-түсті бояумен салған картинасындай.

– Оқушыларды қолөнерге баулу үшін алдымен өзіміз шеберлігімізді дамытып, түрлі әдістерді меңгеруіміз керек болды. Сондықтан кинусайғаны әлеуметтік желі арқылы үйірмеді. Қажет емес мата кинусайларын пайдала жартуда таптырмаз әдіс. Ол үшін пенопласт, пышақ, желім керек. Бірінші қалтыға сурет саламыз, содан кейін оның үстінен тесіктер жасаймыз. Оған мата кинусайларын жапсырамыз. Үйірмеде оқушыларым жіп графикасы арқылы да басқа дүниелер жасауды меңгеруде. Аты айтып тұрғандай, мұнда жіп қолданылады. Қатты затқа жіңішке жіптерді түстердің үйлесіміне қарай жапсыру арқылы әлемі картина шығаруға болады. Моншақтан тақия тігуді де үйреніп алғандары бар. Қажетті құрал-жабдықтың барлығын өзін алып беремін. Дайын өнімдерді ақшаға сатып алғысы келетіндер бар. Бірақ мен одан табыс табуды ойламаймын. Менің мақсатым – қолөнерді шәкірттеріме дарыту, – дейді.



Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru



Рақымшылық жасалды

Биылғы Рамазан айы шын мәнінде кешірім айы болды. Ораза айы қарсаңында Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев «Жазасын өтеп жатқан, істеген ісіне өкінетін және өмірін өзгертуге бет алған адамдар тобына рақымшылық жасау» жарлығына қол қойды. Мұның алдында «Қадір түні» мерекесіне орай Түркіменстан президенті Сердар Бердімұхамедов 356 тұтқынға рақымшылық жасаған еді.

Өзбекстан басшысы 426 адамды рақымшылыққа іліктіріп, жарлықты орындау шеңберінде жауапты ведомстволарға рақымшылық алған адамдарды отбасына қайтару, олардың қоғамға бейімделуіне жәрдемдесу және жұмысқа орналастыру жөнінде тапсырмалар берді.

Ал С.Бердімұхамедов таяуда абақтыдан шығатын азаматтарға адал еңбек етіп, елдегі жүзеге асырылып жатқан ауқымды өзгерістерге атсалысып, мемлекетке адал қызмет етіп, еңбегінің жемісін көруді тіледі.

Жаңа банкноттар

Ұлыбритания банкноттарында бірінші рет монарх суреті ауысты. III Чарльз өзі бейнеленген алғашқы банкноттарды сыйға алды.

Жаңа ақша маусым айында айналымға шығады. Бюкингем сарайында Англия банкіннің басшысы Эндрю Бэйли мен бас кассир Сара Джон корольге өзі бейнеленген 00001 нөмірлі алғашқы банкноттарды тапсырды.

Жаңа монархтың суреті 5,10, 20 және 50 фунттық банкноттарда берілген. Бұл ақшалар бұрынғы II Елизавета бейнеленген купюралармен бірге қолданыла береді.

Мұздықтар еріп жатыр

Австриядағы мұздықтар 45 жылда еріп, жойылып кетуі мүмкін. Альпі клубы ғалымдары осылай деп болжам жасап, дабыл қағып жатыр.

Зерттеушілер ғасырдың соңына дейін әлемдегі мұздықтардың тек жартысының еріп кетуі мүмкін деп біледі. Кейінгі екі жылда Альпідегі мұздықтардың еруінен жер көрініп қалған. Клуб мүшелері қазірден бастап қардың мол қорын жинаса, тондардың еруін бәсеңдетіп, жағдайды тұрақтандырады деп тығырықтан шығар жол ұсынып отыр.

Мамандар болжамы да көңіл алаңдатарлық. «Парниктік газдың көптеп таралуы – келешекте жердегі ауа температурасын көтеріп, мұхиттардың суын жылытып, мұздықтардың еріп кетуіне әкелуі мүмкін. Былтыр осы құбылыстар қарқын алғаны қатты байқалды. Жалпы қазір әлемде 200 мыңға жуық мұздық бар. Жаһандық жылыудан оның 68 пайызы ғасыр соңына дейін еріп кетуі мүмкін. Егер ауа температурасы қалыпты жағдайдан 3 градусқа дейін көтерілсе, жер шарындағы мұздықтардың 80 пайызы жойылады. Солардың барлығында жергілікті жұртшылықты желпіндіретін ойын көрсетуге тырысамыз, – деді ол.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

Хабарландыру

ҚР Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу және бәсеке-лестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің 08.04.2024 жылғы №43-02-08/363 Дәлелді қорытындысы бойынша «Дәулетэнерго» ЖШС-нің барлық тұтынушыларына 2024 жылдың 15 сәуірінен бастап 1 кВт. сағат электр энергиясының тарифтері (қосымша күн салығын есептегенде) төмендегідей болып келісуді:

- Орташа босату бағасы – 27 теңге 56 тиын.
- Тұрғындарға орташа босату бағасы – 24 теңге 60 тиын.
- Тұтыну көлеміне қарай сараланған тарифтер:
 - Электр плиталарын қолданбайтын тұрғындарға:
 - 1-денгей (70 кВт.сағатқа дейін) – 24 теңге 01 тиын
 - 2-денгей (70 кВт.сағаттан 150 кВт.сағатқа дейін) – 29 теңге 51 тиын
 - 3-денгей (150 кВт.сағаттан жоғары) – 36 теңге 89 тиын
 - Электр плиталарын қолданатын тұрғындарға:
 - 1-денгей (70 кВт.сағатқа дейін) – 24 теңге 01 тиын
 - 2-денгей (70 кВт.сағаттан 150 кВт.сағатқа дейін) – 29 теңге 51 тиын
 - 3-денгей (150 кВт.сағаттан жоғары) – 36 теңге 89 тиын

Электр плиталарын қолданатын тұрғындарға:

- 1-денгей (90 кВт. сағатқа дейін) – 24 теңге 01 тиын
 - 2-денгей (90 кВт.сағаттан 170 кВт. сағатқа дейін) – 29 теңге 51 тиын
 - 3-денгей (170 кВт.сағаттан жоғары) – 36 теңге 89 тиын
- Жалғыз басты зейнеткерлерге, ҰОС қатысушыларына, мүгедектерге:
- 1-денгей (100 кВт. сағатқа дейін) – 24 теңге 01 тиын
 - 2-денгей (100 кВт.сағаттан 150 кВт. сағатқа дейін) – 29 теңге 51 тиын
 - 3-денгей (150 кВт. сағаттан жоғары) – 36 теңге 89 тиын
3. Заңды тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 31 теңге 17 тиын
- Бюджеттік мекемелер үшін – 41 теңге 89 тиын
- Басқа тұтынушылар үшін – 27 теңге 56 тиын
- ӘМБТ өндiретiндерi үшiн 27 теңге 56 тиын

«Дәулетэнерго» ЖШС

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2009 жылдың 14 шілдесінде №8000497-мемлекеттік лицензиясы берілген)

Хабарландыру

«Юг компани» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 58 және 73-бабына сәйкес 2024 жылдың сәуір айының 18 күнінен бастап 5 жұмыс күні аралығында Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Сабазақ шатқалы, 198 құрылысы» мекенжайы бойынша «Қолданыстағы ғимараттарды бұза отырып, жанармай құю станциясын, газ құю станциясын және дүкен салу» нысанының «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» жұмыс жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (Eсорортal.kz) сайтында танысуға болады. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

Аналық алғысымды білдіремін

Адам басы ауырып, балтыры баев Серікболға ерекше аналық алғысымды айтамын. Дәрігердің білімділігінің, тыным таппай барлық ем-домды жүргізуінің арқасында балам аяғын тік басып бұрынғы жағдайына келіп, құлағанда айығып, отбасына оралды. Әр науқасқа мейірімін төгіп, дәрі-дәрмәгімен де, жылы сөзімен де ем дарытқан дәрігер еңбегіне баға иемін. Батыр ана ретінде алғысымды білдіре отырып, дендеріне саулық, отбастарына амандық, адам жанының арашасы болып, адал еңбек жолында табысты болуына тілектеспін.

Рүстембекова Бибиат,
Батыр ана, 85 жаста,
Сырдария ауданы,
Айдарлы ауылы

Хабарландыру

«Сырдария-1» КС» ЖШС Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Нысанбай жырау көшесі, 33 үй мекенжайы бойынша жылжымайтын мүлікке аукцион өткізу туралы хабарлайды.

Аукционға қатысуға өтінімдер Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 33 мекенжайы бойынша қабылданады.

Аукционға қатысушылармен ұсынылатын келесі тізімі: толттырылған өтінім нысаны кепілдік жарнаны төлеу және жеке басын куәландыратын құжат.

Аукционға қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі 19.04.2024 жылғы сағат 16:00-ге дейін. Бастапқы құны – 3243587,00 теңге. Аукцион қадамы – 3%, көтеру әдісімен жүргізіледі.

Аукцион 22.04.2024 жылы сағат 10:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі 33 мекен-

жайы бойынша өткізіледі.

Сауда-саттық басталғанға дейін аукционға қатысқаны үшін кепілдік жарналар бастапқы құн сомасының 3%-на тең және егер аукцион жеңімпазы өткізу шартын жасасудан бас тартқан жағдайда қайтарылмайды. Барлық басқа жағдайларда, ол қорытындыланған күннен бастап 5 күн ішінде қайтарылады.

Толық төлем мерзімі тараптардың келісімімен белгіленеді.

Өтінімдері қабылданбаған қатысушылардың ең жоғары бағасын ұсынған қатысушы аукцион жеңімпазы болып табылады.

Сенімді тұлға – Альмағанбетов Аймырза Сейлханұлы (8-701-913-70-01).

«Сырдария-1» КС ЖШС
әкімшілігі
(БСН 040 540 001 348)

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АК» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.